

# АЗИАДА АЛАУЫ АЛТАЙҒА КЕЛДІ



Әлімжан Қадылбекұлы

Кеше кешкісін қала жұртшылығының өкілдері Өскемен әуежайына келді. Қылаулап жауған қарды жел тербеп, түрлі-түсті шырақтармен безендірілген әуежай төңірегі мың құбылып жайнап тұрды. Әуежайда облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ бастаған Шығыстан шыққан белгілі өнер қайраткерлері, ақын-жазушылар, өскемендіктер облыстарды аралап келе жатқан қысқы Азия ойындарының алауын әкелген делегацияны шашу шашып, құшақ жая қарсы алды. Әуежай мерекелік салтанатқа айналып, қуаныш құшағындағы өскемендіктер Павлодар қаласынан арнайы ұшақпен келген қонақтарға гүл шоқтарын тапсырып жатты.